

## БӨЛІМ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

## Шоқан публицистті танимыз ба?

ЖАРИЯЛАНДЫ  
25.02.2022СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/115323/

Ағартушылық пен ғылымға сіңірген еңбегі үшін ғылыми мақалалары арқылы ғалым-публицист ретінде Шоқан Уәлиханов көпшілікке таныс. Ал журналист-публицист ретінде ше? Бекхожин арқылы Уалихановтың бұл қыры да айқындалды. ;;;Шоқанның өмірге келген көзқарасы, ұстанымдары мен пайымы оның мақалаларда айқын көрінді. Шоқан — реалист. Бұл, ертеңі белгісіз сол; заманда өте маңызды деп білемін. Ол үлкен империя құрамында дүниеге келіп, біртұтас, тамыры бір мемлекет деп қабылдады. Қоғам үшін қызмет етіп, жақсартуға тырысты. Оны Шоқан бай-бағлан, ченовниктерді сынап жазғанынан байқауға болады. ; Патша үкіметінің де, қазағының да қатесін меңзей алатын. Ғылымның адамы ғой, тек нақты фактпен сөйлейтін. Осы тұста; оны бейтарап журналист ретінде көре алдым. ;;;Әскери өмір де оны публицистикаға бейімдеді деп ойлаймын. Жазуында жүйелілік пен нақтылық байқадым.; Шоқанды оптимист деп суреттей аламын. Патша үкіметінің қатаң езгісінен көз ашпай, қарсы шығып жатқан халық үшін мәдени-ағартушылық даму; жағынан Ресейге қосылу өте маңызды және пайдалы екендігін байқады. Әрі өз халқы үшін осыны тиімді пайдаланды.; ;;;Шоқан білім алып, зайырлы қоғаммен дос болуы; оның таным көкжиегін де, мүмкіндіктерін де кеңейтті. Танымының кеңейгеніне; Петербургқа сапарынан әсерінен байқадым. . Революцияшыл-демократиялық бағытты ұстануы, "Сот реформасы туралы" мақаласындағы пікір-сыны бұған дәлел. Қазір мен либералдарды қолдаймын. Бірақ, Уалиханов сияқты тез өзгерістерді қалайтын әскери адам, сол заманның саяси қалыптасқан публицисті, демократы болсам, мен де революцияшыл-демократиялық бағытта болар едім деп ойлаймын. Меніңше,; бұл сол кезең үшін ең ұтымды бағыт еді. Себебі, Шоқан-мықты аналитик. Жоғарыда мүмкіндігінің кеңейді дегенім. Ықпалды достары арқылы халыққа да көмектеседі.; Мысалы, 1858 жылы Герценнің "Колоколында" тең құқылық жайында айта отырып,; патша үкіметінің қазақ халқына жөндеттік әрекетін әлемге жария етеді. Тіпті хаттарында қиындықтарды бөлісіп, жолдастарынан қолдау сұрауы көріс табады. ;;;;Уалихановтың әйелдер теңдігі мен адам құқығын бұзатын еріксіз әмеңгерлікті сынап жазғанына қарап, мен оның әділеті мен парасатына таң болдым. Тіл үшін бас кесілетін заман ғой.; Халқымызды надан деп атағанымен , батыста енді белең алып келе жатқан гендрлік

теңдікті құптайтын сол феминисттік көз- қарастың Шоқан елімізде негізін салушылардың бірі дер едім.;; ;;;;Осының барлығы,; тіпті,; материалдарын орыс тілінде жазудың өзі,; Шоқан жаһандану мен жаңашылдыққа ашық екендігін,; қазақ халқының әлемдік қоғамда орын алғанын қалағанын көре алдым. ;;;;Сонымен,; бойына осыншама қасиетті жинаған,; жазбаларында терең мән мен мағына бар , пікір бар адам — нағыз публицист . Ол — Шоқан Шығысұлы Уалиханов.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.